

Тасқарасу ауылдық округіне қарасты Тасқарасу ауылының көшесіне атау беру туралы

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Тасқарасу ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 01 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2025 жылғы 11 маусымдағы қорытындысының негізінде Ұйғыр ауданының Тасқарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқарасу ауылының батыстан шығысқа қарай алтыншы көшені – Елубай Меирманов, он екінші көшені Добрынин Георгий Давыдович көшесі деп аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасқарасу ауылдық округінің әкімі

Ж.Альмахунов